

деформированному правосознанию граждан.

Гражданское общество — это тип общества по своему содержанию, т. е. определенный тип общественных отношений, отношений граждан, и оно есть творение культуры, поскольку сам эпитет «гражданское» означает: высшее из доселе известных истории проявление экономической культуры, политической культуры и правовой культуры. Подобно другим формам организации общественных отношений гражданское общество порождает соответствующие ему тип духовной культуры.

Анализ правовой культуры всякого общества предваряется определением доминант духовности, духовных констант его культуры. Доминантами можно считать те черты духовности народа, цивилизации, общества, которые не только обнаруживаются, но и оказываются существенными во всех его элементах и поэтому сообщают специфику всему содержанию конкретной культуры.

И до тех пор, пока правовая культура гражданина не вырастет до необходимого уровня, пока идея прав и свобод человека не станет нравственной потребностью, нацио-

нальной идеей, способной объединить все общество, подвигнуть его на новое правовое, политическое, социальное, экономическое и культурное сознание, не будут реализованы на практике процедуры и институты обеспечения прав и свобод человека, будет замедлен процесс построения гражданского общества.

Поэтому мы, где-то беря на себя смелость, можем говорить, что построение гражданского общества скорее начинается в духовной сфере, а уже как вторичное — в политической и юридической сферах. Гражданское общество на начальном этапе построения представляет собой как волю государства, так и волю граждан. Как говорил Гегель - это не масса физических тел, а социальное сотворчество душ, коллективный дух, «народный дух».

1. Гегель *Философия права*. М. 2002

2. Гоббс Т. *Левиафан или материя, форма и власть государства церковного и гражданского*. М., 1991.

3. Пикалов Г.А. *Политическая культура. Учебное пособие*, СПб., 2001.

4. Соловьев А.И. *Три облика государства - три стратегии гражданского общества //Полис*. 1996. № 6.

Е.Жунисбеков, Б. Молдахмет

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ГЕОСАЯСАТ ПЕН СУБАЙМАҚТЫҚ МҮДДЕЛЕРДІҢ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҒЫ

Орталық Азия географиялық тұтастық ретінде – бұл салыстырмалы түрде жақын арада пайда болған түсінік, ал саяси бірлік ретінде – бұл әлі де қалыптасу барысындағы бірлестік. Еркіндігі болмаған бұл аймақ ұзақ уақыт бойы кенес метрополиясы саяси-әкімшілік жүйесінің құрамдас бөлігі болып келді. ОА өзін қамтамасыз етудің төменгі деңгейіне байланысты оның халықтарының тарихи тағдырын аймақтың шекарасынан тыс орналасқан мемлекеттер анықтап отырды. Дөрекі күш саясатын пайдалана отырып, ол мемлекеттер Орталық Азияның аумағын ықпал ету сфераларына бөлді, ал ол сфералардың тоғысында саяси шекараларды өткізді, өз кезегінде осы шекаралар аймақтың қазіргі геосаяси картасын қалыптастырды. Мұндай келісімдердің нәтижесі туыс халықтарды өздерінің арасында мүлдем байланысы жоқ этникалық фрагменттерге бөлу болды, ал олардың аумақтары сыртқы мемлекеттердің саяси қадағалауы мен юрисдикциясына өтті.

Орталық Азияның солтүстік бөлігі Ресейдің

құрамына өтті. Геосаяси орталық өзінің ұлттық шалғайлары өмірінің мазмұны мен формаларын анықтап отырды. Орталық Азияға метрополияның саяси перифериясы мен экономикалық қосалқы рөлі берілді, яғни метрополия аймақты арзан шикізат ресурстарын беруші дайын өнімді өткізу нарығы ретінде пайдаланды. Әскери-стратегиялық тұрғысында аймақ қорған мақсатында болды, ол орталық аудандарды потенциалды және шынайы қауыптарды оңтүстіктен жапты. Геосаяси зонада Ресейдің орналасуы аймақ үшін келесі салдарды әкелді:

1) Мемлекеттік құрылыстың империялық құрылымы «орталық-периферия» эквивалентті емес қатынастар моделінің қалыптасуына көбіне әсер етті.

2) Тоталитарлық режим жүйекүрушы ядро мен оның аймақтық бөліктерінің арасында функционалдық асимметриясына одан сайын ықпал етті. Сондықтан постқайтақұру уақытында пайда болған аймақтағы саяси қатынастардың ушығуы мен материалды-рухани коллапс көбіне саяси үстемдікті жүзеге

асырудың империялық тәсілдері мен құралдарының салдары болды.

КСРО-ның ыдырауы ОА-ның жаңа геосаяси конфигурациясының қалыптасуына әкелді. Бес тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуы олардың саяси-құқықтық мәртебесін институттандырды, бірақ сонымен қоса ескі және жаңа мемлекетаралық қарама-қайшылықтардың пайда болуын өзектендірді. Бұрындары метрополияның қадағалауында болған этноаумақтық қарама-қайшылықтарға ОА геосаяси кеңістігінің жаңа құрылымдануынан туындаған аймақтық қайшылықтардың жаңа контурлық сызықтары қосылды, олардың келесі түрлерін көрсетуге болады.

Энергетикалық ресурстар мен көміртегімен қамтамасыз ету. Одақтас мемлекетте ОА энергиятасушыларды негізгі қамтамасыз етішілердің бірі болды. Аймақта табиғи газдың бай қорлары бар. Өзбекстан мен Түркіменстанда орналасқан ірі газ көздерінен елдің орталық аудандарына құбыржелілері салынды. КСРО-ның ыдырауынан кейін газжелілері коммуникациясының біртұтас жүйесі бөліктерге ыдырап кетті. Бұрын энергиятасушыларды тасымалдайтын тек ішкі желісі болған құбыржелісі посткеңестік республикалардың егеменденуінен кейін трансұлттыққа айналды. Бұрын іштей тасымалданған көгілдір отын енді көміртегінің экспорттық маршрутына айналды. Мәртебенің өзгеруі сол мезетте газжелісінің функционалдық жағдайына әсер етті. Біртұтас инфрақұрылым социалистік экономиканың шеңберінде құрылды және де нарыққа өту жағдайында бейімсіздеу болып қалды.

Жаңа саяси және экономикалық жағдайлар аймақ елдерін газбен қамтамасыз ету сферасында мемлекетаралық конфликтердің туындауының алғышарттары болды. Ең өткір қарамақайшылықтар бір жағынан Өзбекстан, екінші жағынан Қазақстан мен Қырғызстан арасында өшікті. Бұл екі республика кеңес уақытынан бері көрші мемлекеттен газдың тасымалдауына тәуелді. Негізінде бұл мемлекеттердегі өнеркәсіптік және тұрмыстық қажеттіліктер өзбек газы арқасында қанағаттандырылады. Дегенмен олардың төлеуқабілеттілігі, әсіресе Қырғызстанның, жоғары болған жоқ. Басқа қолжетерлік энергияның көздері болмағандықтан, сонымен қоса ХХ ғасырдың соңғы он жылдықтарында ерте келген және өте суық қыстарға байланысты ол мемлекеттер үлкен көлемдегі газды тұтынуға мәжбүр болды. Халықтың төмен өмір сүру деңгейі, көп уақыт бойы айлықтың, зейнетақының төленбеуі және осымен байланысты газ секілді өнімді ұжымдық тұтыну жүйесіне нарықтық қағиданы толықтай қолданудың мүмкін еместігі ішкі және мемлекетаралық

конфликтердің туындауын ушықтырды. Белгілі саяси және экономикалық жол берулерге жету мақсатында, сонымен қоса жүк, электроэнергияның транзиты және сумен қамтамасыз ету бойынша келіссөздерде Өзбекстан жағынан Қазақстан мен Қырғызстанға қысым көрсету рычагтарының бірі ретінде газ болды. Бұдан басқа, екінші деңгейде газды алушы екі ел арасында-Қазақстан мен Қырғызстан-Қазақстанға тиесілі газды Бішкек рұқсатсыз қолданылғаны үшін, қырғыз жағымен тарифті көтеру мен Қазақстанға жататын қырғыз аумағынан өтетін газқұбырының учаскесін ұлттандырмақ болғаны үшін конфликтер туындап отырды [1, 49-50б.].

Аймақтың гидроресурстары мен суды пайдалану режимі. Ортаазиялық республикалардың арасындағы конфликтердің бірі су тасымалы болды. Проблеманың мәні мынада, республикалар су ресурстарымен тең дәрежеде қамсызданбаған, әсіресе Қазақстан мен Өзбекстан. Сонымен қоса аграрлы өндіріс осы республикаларда көбіне дамыған. Егістікті суару үшін тұрақты сумен қамтамасыз ету қажет, ал ірі және кіші өзендердің көп бөлігінің көздері Қырғызстан мен Тәжікстанда орналасқан. Осы республикалардың аумағында ОА-ның барлық суағарының 86 % қалыптасқан [2]. Қазақстанның оңтүстік облыстары, Өзбекстанның мақта және күріш егістіктері одан сайын судың жетіспеушілігін сезінуде. Мысалы, қазіргі уақытта Қазақстанда тұщы судың тапшылығы өткір проблемаға айналууда. Бір мәліметтер бойынша-ол 100 км куб, басқа мәліметтер бойынша-шамамен 85 км куб [3]. Сонымен, таулы республикаларда су ресурстары мол және де өзінің көршілерінің судағы қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыра алады. Бішкек өзінің табиғи басымдығын экономикалық және тіпті саяси қысым рычагы ретінде қолданады.

КСРО ыдырағаннан кейін көп аналитиктер Қырғызстанды аймақтағы перспективті елдердің бірі ретінде қарастырды. Дегенмен мұндай көзқарастарда шынайы негіз болған жоқ. Бұл елде ресурстар өте аз, ал геосаяси жағдай оның саяси даму мүмкіндігін одан сайын шектейді. Ел ауыр саяси және экономикалық дағдарыста. Қырғыз экономикасының экспорттық потенциалы шектелген, республика импорттық өнімге қатты тәуелді. Егер аумақтың 80% астамы таулар алып жатқанын ескерсек, онда ландшафтың құрылымы геосаяси фактор болады. Бір жағынан, ол елдің экономикалық дамуын шектейді, ал басқа жағынан, шаруашылықтың ресурстық сектордың өсіміне ықпал етеді, мысалы, арзан гидроэлектроэнергияны жасақтау. Бірақ таулы өзендердің гидро ресурстарының геосаяси мәні одан да көп. Негізінде

Қырғызстанның көршілеріне өте қажетті бұл жалғыз ресурс және бұл қоршаған елдермен кейбір даулы мәселелерді шешуде республика үшін сыртқы саяси аргумент болады.

Мысалы, Бішкек бірнеше рет Қазақстан мен Өзбекстаннан Қырғызстаннан шығатын су ресурстарының бағасын анықтауды талап етті, сол арқылы су тасымалын мемлекетаралық қатынастардың мәні етпекші болды. Мәселе мынада, суды пайдаланудағы халықаралық құқық пен тәжірибе бойынша трансшекаралық өзендердің ресурстарын пайдаланғаны үшін ақы талап етуге бірде-бір мемлекетте құқық жоқ. Өзен барлық өзен жағалауындағы мемлекеттердің ортақ игілігі болып табылады. Әрбір осындай мемлекет өзінің орналасуына-өзеннің бастауында немесе сағасына қарамастан кезкелген басқа мемлекеттен құқығы аз емес. Өзінің орналасқан жерінің басымдылығын пайдалана отырып, белгілі-бір мемлекетпен бір жақты пайданы көздеу басқа мемлекеттердің су көздерін қолдануға заңды құқықтарды шектеу болып табылады және де осымен байланысты

оған жол берілмеу керек. Траншекаралық өзендердің табиғи ресурстары барлық көршілес мемлекеттерге тең дәрежеде тиесілі болуы керек.

1. *Болевые точки Центральной Азии и пути их нейтрализации.* – Алматы, 2001. – 49-50 б.

2. *Аубакирова А. Геополитика и географические факторы в формировании внешне политической стратегии РК.* – Алматы, 2003.

3. *В третьем тысячелетии за H₂O будут воевать // Аргументы и факты.*

В статье анализируется геополитическое развитие Центральноазиатского региона, основные вызовы и угрозы, а также противоречия региональных государств.

In article geopolitical development is analyzed Is central - the Asian region, the basic calls and threats, and also contradictions of the regional states.

Ж. Төлен

ҚР САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТИЛЕРІ

XXI ғасыр әлемдік саясатта алып өркениеттердің (супердержава) шешуші фигура рөлін атқарып, қоғамда сол бірнеше өркениеттердің өзара мәдени, саяси, діни ерекшеліктеріне қарай өркениеттер аралық қақтығыстың орын алатындығын батыс футурологтары болжаған болатын. Бұл өркениеттер арасындағы қақтығыстың, келіспеушіліктің түп негізі әр түрлі ұлттар мен этностар, діни ұйымдар мен конфессиялар арасындағы араздықтан туындап отыр деп түйіндейді. Осы тұрғыда елімізде 140-қа жуық этностар мен 46-дан астам конфессия орын алғанын білеміз. Ал осы этностар мен діни конфессиялар арасындағы келісімді, татулықты сақтау елімізде тұрақтылықтың орын алуының басты шарты болып табылады.

Еліміз сан ғасыр тарих талқысына түскен, тәуелсіздікке қол жеткізгеннен соң, мемлекетіміз демократиялық даңғыл даму жолына бет түзеп, саяси тұрақтылыққа қол жеткізу, егемендігімізді баянды ету мақсатында көптеген салаларда реформалар жасады. Әсіресе мемлекеттің біртұтастығын, қауіпсіздігін қамтамасыз ететін еліміздің саяси тұрақтылығы қоғамда ең басты назар аударғанын мәселенің біріне айналды.

Тарих тәжірибесіне жүгінсек, қай мемле-

кеттің болмасын тұрақтануында, тәуелсіздігінің сақталуында, оның қарыштап дамуында саяси тұрақтылық мәселесі өзекті болып саналады.

Бүгінгі таңда бүкіл әлемде саяси тұрақтылық мәселесі өте өткір проблемалардың бірі болып отыр және барлық елдер толығымен әлеуметтік, саяси, экономикалық тұрақтылыққа жету проблемасын шешуге тырысып бағуда. Тұрақты және толыққанды даму үшін қоғамның барлық салаларында тұрақтылық қажет екенін білеміз. Оның ішінде мемлекет дамуының басты шарты – саяси тұрақтылық.

Ал саяси тұрақтылық дегеніміз: «Бұл сыртқы және ішкі әсерлер жағдайында, өзінің құрылымын және қоғамдық өзгеріс процестерін бақылауға қабілеттілігін сақтай отырып, тиімді жұмыс істеуге және дамуға мүмкіндік беретін қоғамның бір қалыпты жағдайы» [1].

Саяси тұрақтылық бұл – мемлекеттің саяси жүйесінің өзгермейтін қатаң қағидаға негізделген тұрақты дамуы ретінде емес, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістерін, дамуын қоғамдық-саяси ортада қалыптасқан тұрақтандырушы фактор ретінде қарастыру.

Саяси тұрақтылықтағы басты нәрсе – бұл билік құрылымдары қызметінің легитимділігінде, айқындылығында, тиімділігінде байқа-